АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ ҮШАРАЛ ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ УШАРАЛЬСКОГО ГОРОДСКОГО ОКРУГА АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ | **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

17.02.2026 | № 54

Үшарал қаласы | город Ушарал

Үшарал қаласы Қонаев көшесін безендіру жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Үшарал қаласы Қонаев көшесін безендіру жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А.Абишев**

001891

Қарсы емес

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишевқа

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Үшарал қаласы Қонаев көшесін безендіру жұмыстары жоспарлануда. Аталған жұмыстың негізгі мақсаты – қала аумағының эстетикалық келбетін арттыру, тұрғындар мен қала қонақтарына мерекелік көңіл-күй қалыптастыру және көшенің бірыңғай сәндік тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады.

Безендіру элементтерін (жарықтық гирляндалар, сәндік конструкциялар, декоративтік әшекейлер және басқа да безендіру атрибуттары) уақытылы орнату үшін дайындық және ұйымдастыру жұмыстары шұғыл түрде басталуы қажет. Жұмыстардың белгіленген мерзімде сапалы орындалуы сатып алу рәсімінің жедел жүргізілуіне тікелей байланысты.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін қолдану ең тиімді әрі ұтымды шешім болып табылады. Себебі өзге сатып алу тәсілдері ұзақ уақытты талап етеді және безендіру жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауға кедергі келтіруі мүмкін.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Үшарал қаласы Қонаев көшесін безендіру жұмыстарын бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**